




# Тағамдық улану

Орындаған : Ағабекова Аяулым

МПД 1-1 қаз 5 курс


- Тағамдық улану бактериялармен, вирустармен немесе уыттармен залалданған өнімдерді тұтынғанда пайда болады. Көпшілік жағдайда тағамдық улануды келесі бактериялар туындатады: алтын түсті стафилококк (*Staphylococcus aureus*) және ішек таяқшасы (*Escherichia coli*).






## □ Себептері

- Ішек таяқшасының негізгі көзі – жұқпаланған (жұқпаланған адамдардың) жануарлардың нәжістері. Сондай-ақ, ол тазартылмаған суда болады.
- Алтын түсті стафилококк бактериялары әдетте, адамдардың терісінде болады, ал тамаққа түскенде уытты өндіріп, осы ауруды туындатады. Тағамдық улану жұқпаланған тағам организмге түскенде орын алады. Ауру залалданған тағамды тұтынғаннан кейін бір адамда немесе адамдардың тобында пайда болуы мүмкін. Көбінесе, тағамдық улану жорықтарда, асхана, дәмхана, т.б. қоғамдық тамақтану орындарында тамақтанғанда пайда болады.

- 
- Бактериялардың тағамға түсу жолдары:
  - Қолын дұрыс жумаған адам дайындаған кез келген тағам
  - Жуылмаған ас үй жабдығымен, тақтайшаларда, т.б. аспаптармен дайындалған кез келген тағам
  - Өнімдерді дайындау кезінде немесе жуғанда (көкөністер мен жемістер) нашар суды қолдану
  - Сүт өнімдері немесе құрамында майонез бар өнімдер, тоңазытқышта тым ұзақ сақталған
  - Мұздатылған немесе салқындатылған өнімдер, сәйкес температурада сақталмаған, немесе дұрыс қыздырылмаған
  - Толық пісірілмеген ет немесе жұмыртқа

- 
- Жоғары қауіпке бейім:
  - Сәбилер және 5 жасқа дейінгі балалар
  - Егде жастағы адамдар
  - Диабет немесе бүйрек ауруы секілді күрделі аурулары бар адамдар
  - Иммунитеті әлсіреген адамдар.



## □ Симптомдары

- Әдетте, залалданған тағамды тұтынғаннан кейін 2-6 сағат ішінде келесідей көрініс береді:
- Жүрек айнуы
- құсу
- диарея (іш өтуі)
- іштегі ауық-ауық ауырсыну және түйілу
- қызу
- бас ауыруы
- әлсіздік



□ **Диагностика**

- Тағамдық уланудың нақты қоздырғышын анықтау үшін келесі талдаулар жүргізіледі:
- нәжістің
- құсықтың
- қанның (вирус пен уытты анықтаудың экспресс-талдауы)
- ауырғандар тұтынған тағам өнімдерінің



## □ Емдеу



- Әдетте, тағамдық уланудың симптомдары бірнеше күн ішінде өтеді. Жұмсақ емдәм ұстанған жөн: қиын қорытылатын және тітіркендіретін өнімдерді тұтынбау қажет.
- Организмдегі су үйлесімін қолдау үшін аурудың барысында суды көп ішу қажет – күніне 2-3 литрден. Регидронды қолдану көп құсу мен диарея кезіндегі электролиттерді жоғалтуды толықтырады.
- Организмнен уыттарды шығару және симптомдардың ауырлығын азайту үшін энтеросорбенттер (энтеросгель, белсендірілген көмір) қолданылады.
- Микробқа қарсы препараттарды емдеуші дәрігер ғана тағайындайды, және тағамдық уланудың ауыр жағдайларында қолданылады.



## Аурудың болжамы

Адамдардың көпшілігі дұрыс емделгенде 12-48 сағат ішінде тағамдық уланудан толығымен айығады. Алайда, тағамдық уланудың ауыр өтуінде күрделі асқынулар болуы мүмкін. Сау адамдарда тағамдық уланудан өлім-жітімге ұшырау аса сирек болады.

- **Мүмкін асқынулар**
- Жиі кездесетін асқынуы – сусыздану.
- Тағамдық улану кезінде күрделі асқыну сирек болады. Оларға жататындар:
  - асқазан-ішек қан кетуі
  - жүйке жүйесінің зақымдануы
  - бүйректегі мәселелер
  - Артрит (буынның қабынуы)
  - Перикардит (жүректі жабатын қабықшаның қабынуы)

- 
- 
- **Алдын алу**
  - Гигиенаны қадағалап, тамақ алдында қол жуу қажет
  - Көкөністер мен жемістерді тұтыну алдында мұқият жуу қажет
  - Өнімдерді тоңазытқышта дұрыс температурада сақтау
  - Тағамды дұрыс қыздырып өңдеу
  - Қоғамдық тамақтанудың күмәнді орындарынан алшақ болу
  - Жүкті және емізетін әйелдерге ерекше сақ болып, кез келген тағамдық уланудан алшақ болу қажет.